

## Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Күйгенқора" учаскесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 08 қаңтардағы № 04 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4379 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы № 369 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 16.08.2016 № 369 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 03 желтоқсандағы № 692 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Күйгенқора" учаскесінде мүйізді ұсақ малдарының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.А. Жақаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Д. Оразбаев*